



TÜRK KAHRAMANLIK DESTANININ DİLİ ARAŞTIRMADAKİ BAZI KONULAR

Bolat KORGANBEKOV¹

ÖZ

Türk halklarının kahramanlık eposu dilinin bu güne dek çalışmasının tarihi uygun düzeyde değildir. Bunun temel nedeni, edebi eleştiri bakış açısına bakarsak, imaj sistemine ve eposun kompozisyonuna önem vermek gibi durumlardır. Epos dilinin çalışmasının, Rus filolojisinde oluşturulan dil-folklor yöntem ve teknikleri aracılığıyla incelenmesi, ince dilbilimsel terimlerden daha etkilidir. Bu sayede birçok avantaj sağlamaktayız. Özellikle, dil araçları, eposların türsel özelliklerinin tanımlanmasında özel bir yere sahiptir. Folklor dilindeki şiirsel kahramanlığın diğer folklor türlerinden farkları ortaya çıkmıştır. Örneğin, antik dünya görüşlerinin baskın olduğu görünmektedir. Kahramanca epos dilinin derinden incelenmesi, Türkolojinin diğer alanları için de faydalıdır. Özellikle, formüller ve kombinasyonlar çok sayıda eski kavram ve dil uygulamasını koruyarak değerli tarihsel faktörleri taşımaktadır. Antik kelimelerin keşfindeki destan dili formüllerinde, tarihi, etnografik, kültürel gerçekleri aramaya ihtiyaç vardır. Bu aşamada, antik sergileri ve tarihi dönemleri araştıran bilimsel eserleri araştırmak zorunda kalıyoruz. Dil formüllerinin oluşumu ve ortaya çıkışında, ülke anısına muhafaza edilmeyi hak eden en önemli (tarihe damga vuran) tarihi olayların ve nüfusun tabi olduğu dini inancın kilit faktörlerinin büyük önemi vardır. İlk zamanlardaki kabilelerin göçü ile ilişkili kahramanlık destanı örneklerinde, toponimik tarihsel isimler rol almaktadır. Birçok olayın kahramanlık şiirlerinde, kabile isimlerinin karakter isimlerine dönüştüğü görülmektedir. Kahramanlık şiirleri aynı zamanda kendi yasalarına da sahiptir. Bahsi geçen bu isimlerin birçoğu, başka bir ulusun temsilcilerini veya insanların (toplumun) düşmanlarını sembolize eden karakterlerin özelliğidir. Destanın dili; terane (ilahi) ve dinleyicisinin ilişkisinden doğan birkaç sanat türünü bir araya getiren mükemmel bir birleştirici fonksiyona sahiptir. Ayrıca sihir etkinliğinin yarıda kesilmediğini (engellenmediğini) de fark edebilirsiniz. Bazı metinler kutsal kabul edildiği için ilahiciler (destanı okuyanlar) kelimeleri değiştirmekten korkmuşlardır. Destan eserinin bu tür kısımlarında çok sayıda eski kelimenin korunduğu açıktır.

Anahtar kelimeler: Destan, Kahramanlık, Etnografya, Tarih

ТҮРКІ ҚАҺАРМАНДЫҚ ЭПОСЫНЫҢ ТІЛІН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

ABSTRACT

The history of the study of the language of Turkic peoples' heroic epos to this day is not at the proper level. The main reason for this is such cases as giving emphasis to the system of images and composition of the epos, looking from the point of view of literary criticism. The review of the study of the language of the epos through the methods and techniques of lingo-folklore formed in Russian philology is more effective than in the fine linguistic terms. Thanks to this, we achieve many advantages. In particular, language tools occupy a special place in the definition of the genre-staged features of the epos. Differences in the language of folklore poetic heroism from other genres of folklore were revealed. It is dominated by the regulatory assessment, dominated by the faces, the ancient worldviews. In-depth study of the language of the

¹ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық униерситетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (Астана қаласы), почта: bolat64@mail.ru

heroic epos is also useful for other areas of Turkology. In particular, formulary combinations are valuable historical factors by retaining a large number of ancient concepts and language applications. In the discovery of ancient words in the epic language formulas there is a need to search for historical, ethnographic, cultural facts. Here we are forced to explore the scientific works that explored the ancient exhibits and historical periods. In the formation and emergence of language formulas there is a great importance of the most important historical events and key factors of religious belief of the population, which deserve to be preserved in the memory of the country. Toponymic historical names accompanied in the samples of the heroic epic, associated with the migration of tribes in the past era, who believed that the product of their original work. In the heroic poems of many cases where tribal names changed to the names of the characters. It also has its own laws. Most of these names are characteristic of the characters, symbolizing the representatives of another nation or enemy of the people. The language of the epic has a great binding function, combining several types of art, resulting from the relationship of the chant and the listener. You can also notice that the magic activity is not interrupted. Some texts were considered sacred and therefore the chanters feared to change the words. It is clear that in such parts of the epic work preserved a large number of ancient words.

Keywords: Эпосының, Қаһармандық, Этнографиялық, Тарихи

Жалпы қаһармандық эпостың, оның ішінде, түркі халықтарындағы үлгілердің тілін зерттеудің өзектілігі күн сайын арып келеді. Түркі халықтары қаһармандық эпосын салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан зерттеген В.М.Жирмунский. Райхл еңбектерінде бұл мәселе біршама айтылған. Сондай-ақ, қазақ эпосының мамандары Р.Бердібай, Ш.Ыбыраев зерттеулерінде де қазақ қаһармандық жырларының тіліне қатысты құнды пікірлер мол. Ш.Ыбыраевтың жүйелі талдауға құрылған монографиясын бұл саладағы елеулі жетістік ретінде атауға болады. Қазақ эпосының тілдік ерекшелігін лингвистикалық тұрғыдан тексерген Е.Жұбанов зерттеуінде де қызықты тұжырымдар көп. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия гуманитарлық университетінің қазақ тілі кафедрасының лингвофольклортануға арналған соңғы жылдардағы зерттеулерінде де эпос тіліне арналған ізденістер бар. Дегенмен фольклор тілін жалаң лингвистика тұрғысынан қарастыру жеткіліксіз. Мұнда поэтикалық мәселелерге көбірек көңіл бөлінуі керек. Орыс филологиясында белгілі дәрежеде қалыптасып үлгерген лингвофольклористиканың бізге де қажеттілігі мол.

Қаһармандық жырлар тілін зерттеудің аса қызықты нәтижелер беретіні айқын аңғарылса да, бұл бағыттағы жұмыстардың кешеуілдеп жатуының өзіндік себептері де жоқ емес. Эпос поэтикасының басқа жақтарына (сюжет, композиция, мотивтер жүйесі, образ т.б.) басымырақ мән берілуі тіл мәселесінің көп жағдайда тасада қалуына әсер еткен сияқты. Әдетте, зерттеулерде эпос тіліне көркемдік факторлардың соңынан орын беріледі. Қаһармандық жырларды әдебиеттанушылық әдістемелерге сүйене отырып қарастыру да тіл көркемдігін тексеруге салқынын тигізген сияқты. Өйткені көркем әдебиет тілінің жетістігі – оның жаңалығында. Ал жалпы фольклорға тән дәстүрлілікпен ерекшеленетін эпос тілінен жаңалық іздеу көңіл толарлық нәтиже бермейді. Шығарма тілін зерттеудің өзіндік қиындықтары да бұл саланың кенже қалуына ықпал ететін себептердің қатарынан орын алса керек. Түрлі картотекалар жасаудың, оларды сұрыптаудың, қорытынды шығарар тәжірибелер жасаудың оңай болмасы аян. Солай бола тұра,

батырлық жырлар тілін зерттеудің аталмыш қиындықтарына лайықты қомақты да қызықты өнім беретінін қаперге алуымыз қажет.

Тілдік құралдарды тереңдете қарастыру зерттеуге барынша монологтық сипат дарытады. Қаһармандық жырлардың жанрлық-стадиялық ерекшелігін де айқынырақ көрсетіп бере алатын сенімді таяныштың бірі – осы тілдік құралдар жүйесі. Ал халық эпостарының ішінде жанрлық сипаты жөнінен жан-жақтылығымен көрінетін туындылар жеткілікті. Сондай шығармаларды эпикалық жанрлардың қайсы тобына қосу керектігін нақтылауда тілдік құралдар жүйесі таптырмас критерий бола алады. Айтушы және кейіпкерлер сөзінде объективтілік басым ба, жоқ әлде лиризм үстем бе деген сұраққа жауап беру – жанрлық мәселенің ең түйінді тұстарын шешумен бара-бар. “Ал эпикалық субъекті мен объекті орны бағалау типтері арқылы анықталады. Ол типтер болса, мәтіннен тұрақты эпитет түрінде көрініс табады. Дәстүрлі фольклорда идеялық әлемді танытатын нормативтік бағадан басқа эмоциялық және эстетикалық бағалаулар да жиі ұшырайды. Діни сипаттағы туындыларда этикалық бағалау басым болады” (Nikitina, 1991: 17-18). “Түркі халықтарының қаһармандық эпостарында эпитеттің қандай түрі мол кездесетіні, оның қандай мәні бар екеніне де қазірше көңіл бөліне қойған жоқ. Туыстас монғол халықтарында осы көріктеу құралының күрделендірілген түрі көп қолданылады екен” (Kudiyarov, 1984: 12-25). Ал түркілердің батырлық жырларының стилдік ерекшелігін танытатын осы тектес белгілер бар ма деген сұраққа жауап беру үшін арнайы ізденіс қажет.

Мәтіндегі архаизмдер мен жаңа атаулардың ара салмағы да стадиялық ерекшеліктері мол фольклор жанрларын дұрыс саралауға мол мүмкіндік береді. Қаһармандық жырларда нормативтік бағалау мен көне тілдік қолданыстардың жиі қолданылатыны аян. Бұл ерекшеліктер әлемдік эпикалық дәстүрге ортақ. Сондықтан бұл жайттарды түркі халықтары эпосын зерттеу барысында қолдану оң нәтижелер берері сөзсіз.

Қаһармандық эпос тілі басқа эпикалық жанрлар тілінен бірден ерекшеленіп тұрады. Ондағы көркем шындық айтушы мен тыңдаушы тарапынан өмір шындығы ретінде қабылданатын болғандықтан көркемдік компоненттер жүйесі де киелілік ұғымдарымен байланысты болып, көп өзгеріске түсе бермейді. Діни атаулармен, өзге тілден енген сөздермен көп шұбарлана қоймайды. Лиризм аз болғандықтан, айтушының өзіне ғана тән сөйлеу үлгілері де барынша аз болады. Сондықтан мұнда көне дүниетаным белгілері көп. Қаһармандық эпос тілі халық тілінің семантикалық, фразеологиялық, грамматикалық ерекшеліктерін жан-жақты таныта алады. Түркі қаһармандық эпосын тілдік құрылымның барлық деңгейінен қарастыру керек. Бұл мәселеде фольклор тілін зерттеумен түбегейлі айналысып жүрген орыс және Еуропа ғалымдарының еңбектерінен үлгі аларлық тұстар жеткілікті. Н.И.Толстой, Т.В.Гамкрелидзе, В.В.Иванов, А.П.Евгеньева, И.А.Оссовецкий, А.Т.Хроленко, М.А.Кумахов сияқты т.б. ғалымдар еңбектерінде эпос тілін зерттеуге таяныш боларлық әдістемелер мол. Формулалық тіл теориясын қарастырған А.Б.Лорд, фольклор тілінің семантикалық құрылымын талдаған К.Леви-Стросс зерттеулерінен де үйренетін жайттар көп-ақ.

Түркілер эпосының тілін зерттеудің түркологияның өзге салаларына да тигізер пайдасы мол. Бұл мәселені сөз ету мәдениет тарихы үшін аса қажет. сондай-ақ, этнолингвистика тарихын тереңдетуге де септігін тигізеді.

Қаһармандық жырлардағы мағынасы көмескіленген немесе мүлде жойылған сөздердің семантикалық байланысын анықтау мәдениеттану мен тарихқа, этнолингвистикаға қызықты материалдар бере алады. Бұл шығармалар тілін түрлі дәуірлердегі жазба әдебиет тілімен салыстыруға да мүмкіндіктер ашылады.

Батырлық жырлар тіліндегі мағынасы көмескі сөздердің дені тілдік формулалармен байланысты. Бейнелеп айтар болсақ, мамонттың қаңқасын сақтаған мұз тәрізді көне сөздердің бізге әуелгі қалпын бұзбай жетуіне эпостағы формулалық түрлері себеп болған. Ықылым замандардан бері формулалар құрамында жүріп мағынасын жоғалтқан сөздерді айтушы да, тыңдаушы да түсінбегенімен, оны үйреншікті әдетпен үнемі қайталап отырған. Осылайша қаһармандық жырлар бойында архаизмдер мен мағынасы көмескіленген сөздердің өзгеше тобы шоғырланған. Олардың кейбірі қазіргі түркілердің сөйлеу тілінен мүлдем шығып қалса, енді біреулері кейбір ұлттарда ғана сақталған. Мәселен, «Шора батыр» жырының Мұсабай жырау айтқан вариантындағы: “Садағың аузы шапшақтай, Қылышың аузы қыпшақтай” (Ertegedi Şora batır, 130), – деген жыр жолдарындағы «шапшақ» сөзі қазір ноғайлар арасында ғана сақталып қалған. Ағаштан құрсаулап жасаған үлкен ыдысты осылай атайды. Қазіргі тілдік қолданысымыздағы «бөшке» сөзінің мағынасын береді. Ал «қыпшақ» сөзі қазіргі түркілердің ешбірінің сөйлеу тілінен кездеспейді. Бұл атаудың көне түркілерде «ағаштың кеуек қуысы» деген мағынада қолданылғаны көне жазбалардан белгілі. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресінде» берілген аңызда Оғыз қағанның бір бегі соғысқа аттанғанда, өзімен бірге әйелін ала кетеді. Ол бек қаза табады да, әйелі шапқыншылық кезінде шіріген ағаштың қуысына кіріп аман қалады, сол жерде босанады. Автор осы аңызды айта келіп, одан әрі былай дейді: “Түркі ішінде іші қуыс ағашты қыпшақ дер еді, бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын қыпшақ қоюы содан еді. Бұл кезде іші қуыс ағашты шыпшақ дейді. Барша қыпшақ елі соның нәсілінен шықты” (Ädilgazi, 1991: 19). Бұдан «қыпшақ» сөзінің Әбілғазының кезінде-ақ архаизмге айналғанын көреміз. Осындай ең көне сөздердің эпикалық формулалар құрамында жүруі ғажап құбылыс. Аталмыш жыр жолдарындағы дербес мағыналы екі архаизмнің диахрониялық тұрғыдан қарағанда бір сөз екендігін Әбілғазы пікірінен көре аламыз. Бұл да аса қызықты жайт.

“«Шора батыр» жырының М.Әлиакбарұлы жариялаған вариантында Үбрешіммен ораған / Сала бір құлаш шашыңды” (Qissa-i Naruknuñuli batır, 1884: 13), – деген формулалық жыр жолдары кездеседі. “Мұндағы «үбрешім» сөзін османлы тілінің сөздігінен” (Develliođlı, 1993: 19) ғана табуға болады. Бұл сөз «бүріліп тігілген жібек мата» деген мәнде қолданылған. Аталмыш сөздің османлы сөздігінен табылуы заңды. «Шора батыр» жыры ноғайлар арасында пайда болған болса, ол дәуірде Ноғай Ордасы Османлы мемлекетінің қол астында болған еді. Жыр дүниеге келген кезеңде қолданылған османлы тіліне тән сөз айтушының өзгертуіне мүмкіндік бере бермейтін формулалық тіркестің арқасында, қазақ арасында түсініксіз болуына қарамастан, төрт-бес ғасыр бойы ауыздан түспей келген. Қаһармандық жырларда бұл тәрізді мағынасы күңгірт сөздер өте көп. Ғылыми басылымдардың көбі мұндай сөздерге түсінік беруден ақсап жатады. Өйткені бұл атаулардың елеулі бөлігі лингвистикалық сөздіктердің ешбірінде кездеспейді. Сол себепті мұндай архаизмдердің семантикасын мәтіннің өзінен іздеу керек. Бұл жағдайда эпостың ұлттық нұсқаларын тұтас қарастырған жөн.

Салыстырмалы-типологиялық талдаудың пайдасы тілдік айғақтарды нақтылауға да тиетіні сөзсіз. Бұл жерде тарих, этнография, мәдениеттану сияқты ғылым салаларының көмегі ауадай қажет.

Тілдік формулалар көне сөздерді сақтап қалуымен ғана емес, тарихи деректілігімен де құнды. Мәселен, “Сарайшықта сарай бар, Сары орамал орай бар” (Qiz-Jibek, 1963: 15), – деген формулалық жолдардың жай ұйқас үшін ала салмағаны сезіліп тұрады. Қазіргі археология тарихи қала Сарайшық сәулет өнерінің озық үлгілері болғанын анықтап отыр. Онда көрген жан айта жүретіндей сарайлардың болғаны дау туғызбайды. Ал «сары орамал ораудың» мәні неде? Осы тұрғыда тарихқа үңіліп көрсек, бұған қатысты біраз жайға қанығуға болады. Бұны анықтауға септігін тигізетін деректер Қожа Ахмет Ясауидің немере інісі Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насаб-намасында» кездеседі. Бұл еңбекті жариялаушы З.Жандарбек пен Ә.Муминовтар осы жөнінде былай дейді: “Насаб-намада» айтылатын «сүфра» және «сүфрадарлік» терминдерінің өзі екі жақты мағынаға ие болып отыр. Біріншісі, араб елдеріндегі аңыз бойынша Мұхаммад ибн ал-Ханафиядан қалған «сары орамал» кімде болса, имамдық соған өтеді деген аңызға байланысты болса, екіншісі «сүфрадарлік» термині қазіргі түркі халықтарының әдет-ғұрпында қалыптасқан, кісі қайтыс болғаннан кейін берілетін жетісі, қырқы, жылы, әруақтарға арнап құдайы беру сияқты жол-жоралғылардың пайда болуына, көне түркі халықтарының діни сенімдері мен исламның әдет-ғұрыптарының синтезделуіне тікелей әсер еткен сияқты” (Muminov ve Jandarbek, 1992: 7). Демек жоғарыдағы эпикалық формуладағы «сары орамал» рухани ілімнің символикасы ретінде жұмсалған. “Ора төбе кімдікі? Қарары болса хандікі, Орайы келсе бидікі” (Şora batır, 143), – деген жолдардың Ора төбе үшін болған билік таластармен байланысты туған болуы ықтимал. Бұл тұста эпикалық формулалардың тарих пен этнографияның объектісіне айналар мүмкіндіктері бар екені аңғарылады.

Тарихи топонимикалық атаулар түркілердің қаһармандық жырларында молынан кездеседі. “Және оның белгілі бір ру-тайпалардың тарихи мекендерімен байланысты екені анық байқалады. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырының қарақалпақ нұсқаларында Еділ-Жайық бойларындағы топонимдер ұшырасып отырса, қазақ варианттарында Памир таулары атырабындағы жер-су аттары мол кездеседі. Айналып келгенде, бұл жерлер аталмыш эпосты төл туындымыз деп санайтын қоңырат руының көне замандардағы қоныс аудару аумағында жатыр. Бірақ түркі эпосында топонимдердің эпикалық жинақтауға әрдайым негіз бола бермейтінін көре алмамыз. Мұндағы жинақтаудың этникалық сипаты басым болатынын Т.Қоңыратбай дұрыс көрсеткен” (Qoŋıratbay, 2000: 216-243). Бірақ ғалымның көрсеткеніндей барлық эпикалық есімдердің түп төркінін этнонимдерден іздеу қиынды деп айту қиын. Біздіңше, бас қаһарман еліне жат немесе жау тайпаның өкілі ретінде көрінетін кейіпкер есімдері ғана этнонимдерден туындаған. Мысалы «Қобыланды батыр» мен «Мұңлық-Зарлық» жырының қазақ және қарақалпақ нұсқаларындағы Барын, Жәудір, Көклен есімдерімен аттас рулар (барын, човдар, гоклен) осы халықтардың құрамында жоқ, есесіне, туыстас әрі көршілес түркімендер арасында бар. Соған сәйкес, аталған кейіпкерлер де, көбінесе, бас қаһарман қалыңдық алатын немесе оған жау елдің мүшесі болып көрінеді. Кейде «Едіге» жырындағы сияқты Барын,

Қабартын (кабардин) сияқты қызметші сипатында болады. Бұл тұста тұтқындардан құралатын төлеңгіттер тобының эпикалық жинақтауға түскені байқалады. Осы сияқты атаулар сырын ашу үшін кешенді зерттеу қажеттілігі зор.

“Қаһармандық жырлар тілін зерттеуде фольклор тілінің барлық ерекшеліктері есепке алынуы керек. Фольклордағы сөздің әдебиеттегі сөзден елеулі айырмашылықтары болатыны белгілі. Ол фольклорда әдебиеттегідей тек бейнелеушілік-мәнерлеушілік қызмет қана атқармайды, сонымен қатар, коммуникативтік, синкретті тұтастық құрамындағы өнер түрлерін бір-бірімен байланыстырушылық міндеттерін де қатар алып жүреді. Бұған магиялық қызметті де қосуға болады. Әрине, соңғысы наным-сеніммен байланысты көне жырларда көрінетін ерекшелік. Бірақ көне замандарда батырлар жырының да магиялық функциясы болғанын (Tursinov, 1976: 170-172) ескерсек, мұнда сол белгілерден қалған сарқыншақтар болуы ықтимал екенін түсінеміз. «Алпамыс батыр» жырындағы еліне оралған бас қаһарманның қатындарға айтқан «Ей, Ер Домбай, Ер Домбай, Шақырғанда кел Домбай», – деп басталатын жырының бақсылар сарынымен үндестігі көп. Осы жырдағы одағай тәрізді мағынасыз сөздердің наным-сеніммен байланысты екені күмәнсіз. Бағыштау, алдау немесе арбау түріндегі бірер ауыз өлең біршама көне эпос, ертегі түрлерінде кездесетінін Е.Жұбанов та айтқан². Бұл тәрізді тұтас формалар ғана емес, кезінде магиялық мәні болған мағынасы күңгірт көнеленген сөздер де қаһармандық жырларда аз болмауы тиіс.

Фольклорлық сөздің коммуникативтік қызметі де батырлар жырында молынан пайдаланылады. Батырлық жырларда тыңдаушыға тікелей қаратыла айтылатын сөздер де көп кездеседі. Әрине мұндай диалогтық қатынастардың қолданылуында да өзіндік заңдылықтар болуы керек. Жырдың көркемдік әлеміне беріле еніп кеткен тыңдаушыны ол әсерден тез арылтатын мұндай өлең үлгісі бей-берекет жұмсала бермеуі керек. Осы монолог-диалогтар арқылы реалды тыңдаушының фольклорлық социум түріндегі көркем бейнесі жасалады.

“Сөздің фольклордағы байланыстырушылық функциясына, әсіресе, «өлең-әуен» мәселесін зерттеуде көбірек көңіл бөлінуі тиіс. Фольклордағы өлең стилистикасы нақты бір әуенге жақын болуы мүмкін. Әуеннің оралымы мәтін семантикасымен тығыз байланысты болады. Есту арқылы қабылданған мақам ауызша тілдің әуендік кодының ықпалында болады” (Nikitina, 1991: 17-18). “Бұл сөзсіз өлең өлшеміне ықпал етсе, өлең өлшемі синонимдік қатардан буын саны лайықты сөзді таңдауға негіз болады. Музыкатанушы Ә.Байғаскина қазақ музыкасының ырғақтық түзілімі сөздік мәтіннің «бармақ» (силлабикалық) өлшемінен туындайтынын айтқан” (Байғаскина, 2003:18-20). Бұл пікірдің силлабикалық түрдегі барлық түркі эпосына қатысы бар. Осы мәселелердің қай-қайсысы да тереңдете қарастыруды қажет етеді.

Түркі қаһармандық эпосын стильдік және жанрлық жағынан топтарға бөлгенде, бұл жіктеудің, көп жағдайда, тілдік топтармен сәйкес келетінін аңғарамыз. Түркілердің белгілі бір тілдік тобын құрайтын ұлттар эпосының өзіне ғана тән көркемдік-стильдік ерекшеліктері бары бірден байқалады. Осыған орай, белгілі ғалым А.К.Боровков “Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі түркілердің

² Jubanov E. *Epos Tiliniñ Örnekteri*.

эпосын үш топқа бөлген. Олар: 1) қыпшақ эпосы, 2) оғыз-түркмен эпосы, 3) қырғыз эпосы” (Borovkov, 1958: 67). Ғалымның жіктеген эпос түрлеріне қойған атауларынан-ақ оның тілдік топтарды ескергені байқалады. Бұл жерде В.Я. Пропптың “генетикалық тұрғыдан фольклор әдебиеттен гөрі тілге жақын құбылыс” екенін айтқан пікірінің ” (Propp, 1976: 22) дұрыстығына көз жеткіземіз. Орта Азия мен Қазақстаннан тысқары жерлердегі түркілердің де тілдік топтарына орай өзіндік ерекшеліктері бар. “Мәселен, алтай тілдік тобына жататын халықтар поэзиясында силлабикалық өлшемнің қатаң тәртібі байқалмайды. Ондай кідірістерді өлең ырғағы мен тармақтары емес, айтушы демінің өз мүмкіндігі анықтайды. Бұл, әсіресе, саха поэзиясынан анық көрінеді. Мұнда сөздің буын саны емес, интонациялық қабілеті маңыздырақ. Саха поэзиясын зерттеуші Г.М.Васильев саха өлеңін қара сөзден айырып алудың қиын екенін ескерткен (Vasilev, 1965: 36). Осы жерде көне түркі жазба ескерткіштерін поэзиялық немесе прозалық туынды деп есептеу жөніндегі даудың (Kelimbetov, 1986: 23-35) жауабын тапқандай боламыз. Демек, көне түркі жазбалары да саха өлеңі сияқты аллитерациялық-интонациялық поэзия үлгісі болуы ықтимал. Бұл – түркі поэзиясының көне сипатын танытатын сияқты. Ал оның тұрақты силлабикалық өлшемге түсуі ислам дінінің ықпалынан туса керек. Өйткені бұл дінді қабылдаған түркі поэзиясы осы ерекшелігімен көзге түседі. Ал ислам әсері мүлдем жоққа тән сахаларда көне өлең өлшемі сақталып қалған. Бұл тұста будда дінінің де ықпалы болуы ғажап емес. Қалай болғанда да саха өлеңінің Орхон-Енесей ескерткіштерінің көптеген көркемдік құралдарын бұзбай сақтап қалуына өлшемдік ерекшелік себеп болған. Бұны ең алдымен тілдік формулалардан көреміз. Өйткені формула өлең өлшемін, ырғақтық-синтаксистік суретті өзгеріссіз сақтайды. Айтушы тың вариант жасаса да осы жағдаймен санасуға мәжбүр болады. “Паремнология тұрғысынан қарағанда, «Алпамыс батырдағы»: «Қаланың аузын қан қылды, Қақпаның аузын шаң қылды. Айдарлысын құл қылды, Тұлымдысын тұл қылды (Batırlar Jıgı, 1986: 149-150), – деген формулалықты Күлтөгін жазуындағы «Бастыны еңкейтті, Тізеліні бүктірді” (Kelimbetov, 1986:35), – деген жыр тармақтарының вариацияланған түрі деп айтуға болғанымен, олардың кездейсоқ ұқсастық болу мүмкіндігі жөніндегі күдік біржола сейілмейді. Ал саха фольклорында көне түркі жазбаларындай формула түрлері берік сақталған. Мысал келтіре кетейік:

“Көне түркі жазбаларында:

Башлығығ йүкінтүрміс

Тізлігіе сөкүрміс.

Немесе;

Түн ұдымадым,

Күнтүз олурмадым.

Сондай-ақ;

Үзе теңрі басмасар,

Асра йер тілінмесер.

Және де;

Қаның субча йүгурті,

Соңкүң таңча йатды,

Бегіліе уры оғлың қул болты,

Саха фольклорында:

Бастаағы үңтердибит,

Сүһүөхтээғи сүгүрүттүбүт.

Түүн утуйбатым,

Күнүс олорботум.

Үөһээ таңара баттаабатаҕағына,

Аллара сир тэлэллибетээгине.

Сілік қыз оғлың күң болты.

Хааның уулуу сүүрүгүртэ,

Унуоғуң хайалыы сыта,

Бөгө уол оғолоруң кулут буолта,

Кэрэ кыыс оғолоруң кулут буолта.

Мұндай мысалдарды саха фольклорынан көптеп келтіруге болады (Vasilev, 1973: 34-36). Соңғы мысал тағы да жоғарыда келтірілген «Алпамыс батырдағы» формулаға логикалық типі тұрғысынан ұқсас болғанымен, саха фольклорындағыдай сөздердің дәлме-дәл мағыналық сәйкестігі жоқ. Бұдан байқайтынымыз, силлабикалық жүйенің қатаң тәртіпке түсуі ең ескі эпикалық формулалардың ырғақтық-синтаксистік қалыбын өзгертіп жіберген. Ал көне өлең жүйесіндегі саха фольклоры оны сақтап қала алған. Бірақ түркі өлеңі жүйесіндегі осы ерекшеліктердің сыры неде екенін тап басып көрсету қиын. Ырғақ құрайтын элементтің интонациядан буынға алмасуы қалай жүзеге асқанын танып-білуде этнолингвистиканың, психоллингвистиканың көмегіне зәрулік бар.

Түркі халықтары эпосының тілін зерттеу бізді осындай қызықты мәселелерге алып барады. Лингвистиканың әрбір саласы үшін қаһармандық эпос өте маңызды нысан бола алады. Қазіргі кезде өркендеп келе жатқан этнолингвистиканың әдіс-тәсілдері қаһармандық эпос бойындағы ұлттық құндылықтарды ашуға аса қолайлы. Түркілердің эпикалық дәстүріндегі ортақ заңдылықтар мен тілдік топтарға орайлас айырмашылықтарды нақты көрсетуде тілдік зерттеудің маңызы өте зор.

KAYNAKLAR

Ädilğazi. (1991). **Türk Şejiresi**. Almatı: Ana Tili, 1991.

REİCHL Karl. (2002). **Türk Boylarının Destanları: Gelenekler, Şekiller, Şiir Yapısı /** (Çeviren Metin Ekici). Ankara: Türk Dil Kurumu.

Batırlar jırı. 2 Tom. (1986). Almatı: Jazuvşı.

BAYGASKİNA A.E. (2003). **Ritmika Kazakhskoy Traditsyonnoy Pesni**. Almatı.

BERDİBAEV R. (1982). **Qazaq Eposı (Janrlıq Jäne Stdiyalıq Mäseleler)**. Almatı: Ğılım.

BOROVKOB A.K. (1958). **Voprosı izuçeniya türkoyazıçnogo eposa narodov Sredney Aziyi Kazahstana. // Voprosı izuçeniya eposa narodov SSSR**. Moskva: İzd. AN SSSR.

DEVELLIOĞLI Ferit. (1993). **Osmanlıca-Türkçe Ansiklopedik Lugat**. Ankara: Aydın Kitabevi Yayınları.

Erteдеgi Şora batır. // Moskovskiy gosudartvenniy istoričeskiy muzey. Inv. N305/534 II. s. 130.

IBRAEV Ş. (1993). **Epos älemi. Qazaqtıñ batırlıq jırlarınıñ poetikası**. Almatı: Ğılım.

IBRAEV Ş. (1997). **Poetika Oguzskogo Geroyičeskogo Eposa**. Almatı: Ğılım.

JİRMUNSKİY V. M. (1974). **Türkskiy Geroyičeskiy Epos**. Leningrad: Navka

JUBANOV E. (1978). **Epos Tiliniñ Örnekleri**. Almatı: Ğılım.

KELİMBETOV N. (1986). **Qazaq Ädebiyetiniñ Ejelgi Däviri**. Almatı: Mektep.

KUDİYAROV A.V. (1984). **Hudojesrvenno-Stileve Zakonomernosti Eposa Mongoloyaziçnıñ Narodov. // Folklor. Obraz İ Poetiçeskoye Slovo V Kontekste**. Moskva: Navka.

“Qazaq lingvofolkltanuvınıñ bügini men bolaşağı” (2016) attı **Respublikalıq Ğilimi-Teoriyalıq Konferentsiya Materialdarı**. Astana: L. N. Gumilev at. EUV baspası.

Qız-Jibek. (1963). Almatı: Qaz SSR ĞA baspası, s. 15.

Qissa-i Naruknuñulı Batır. Qazan: 1884, s. 13.

QOÑIRATBAY T. (2000). **Epos Jäne Etnos. Qazaq Eposı Jäne Onıñ Etnikalıq Sipatı**. Almatı: Ğılım.

NIKİTİNA S.E. (1991). **Lingvistika İ Muzikalnaya Folkloristika: Zonı Pereseçeniya. // Folklor V Covremennom Mire: Aspektı İ Puti İssledovaniya**. Moskva: Navka.

Propp V. Ya. (1976). **Folklor i Destvitelnost**. Moskva: Navka.

Safi-ad-din Orın Qoylaqı. Nasab-nama (1992), baspağa dayındağandar – Ä. MUMİNOV, Z. Jandarbek. – Türkistan, s. 7.

Şora batır. // OĖK, 86 d., 12, s. 143.

TURSINOV E. D. (1976). **Qazaq Avız Ädebiyetin Jasavşılardıñ Bayırğı Ökilderi**. Almatı: Ğılım.

VASİLEV G.M. (1965). **Yakutskoye Stihoslojeniye**. Yakutsk: Yakutknigozdat.

VASİLEV G. M. (1973). **Jivoy rodnik (ob ustnoy poezi yakutov)**. Yakutsk, Yakutskoye knijnoye izdatelstvo, s. 34-36.